

## Британдық кеңес (BC CS) бастамасымен жүзеге асырылған Creative-Spark жобасы мен Қазақ-Орыс Халықаралық университеті (Ақтөбе, Қазақстан) мен Линкольн университетінің (Линкольн, Ұлыбритания) серіктестігі туралы

2019-2020 оқу жылынан бастап Британдық кеңестің Қазақстандық университеттерден өтінімдерді конкурстық іріктеуі арқылы біздің университет, ҚОХУ British Council-дің Орталық Азиядағы жоғары білім беру кәсіпорны бағдарламасының (офис - Алматы қаласында) Creative Spark жобасы аясында Линкольн университеті (Ұлыбритания) университет жүйесінде кәсіпкерлікті оқытуды дамыту және студенттік бизнес-стартап қозғалысы тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасайды.



**Creative Spark** – Бұл Ұлыбритания университеттерімен серіктестікте бірқатар ТМД елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Армения, Украина және т.б.) университеттерінде студенттер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған бес жылдық (басталуы - 2018 жылы) халықаралық жоба (толығырақ - [www.britishcouncil.org](http://www.britishcouncil.org))

2019-2020 оқу жылында ҚОХУ (Ақтөбе, Қазақстан) мен ЛУ (Линкольн, Ұлыбритания) арасындағы серіктестікке арналған екі жылдық жоба-гранттың бірінші жылы жүзеге асырылды, оның аясында:

- оқу жылы ішінде «Кәсіпкерлік негіздері және бизнестегі көшбасшылық» пәнін оқитын ҚОХУ студенттері бірнеше рет Линкольн университетінің оқытушылары өткізген онлайн және оффлайн дәрістерге қатысты (Drs. Kevin Blanchart, PhD; Olaoye Olanrewaju, PhD; David Twigg, PhD); ҚОХУ оқытушысы Е.Н. Пилипенко сабағында дәрістер мен практикалық сабақтарда британдық серіктестер ұсынған қосымша презентация материалдары мен кейстерін бірнеше рет пайдаланды;



Фото. Dr. K.Blanchart Онлайн-дәріс

– 2020 ж. ақпанында проекта ҚОХУ – ЛУ жобасының тьюторлары: Drs. K.Blanchart, PhD; O. Olanrewaju, PhD; Е.Н. Пилипенко,аға оқытушы, экономика магистрі) жоғары білім беру

кәсіпорны бағдарламасының және Creative Spark BS жобасының ТМД елдеріндегі аралық нәтижелері, тәжірибесі мен болашағы туралы Халықаралық конференцияға (Алматы, 6-7 ақпан, 2020 ж.) қатысты, олар пленарлық және секциялық отырыстарда баяндамалар жасады;



Фото. Пленарлық отырыста ЛУ – ҚОХУ серіктестерінің сөзі



Фото. Секциялық отырыста ЛУ – ҚОХУ серіктестерінің сөзі

- □ 2020 жылдың ақпанында британдық серіктестер ҚОХУ студенттері мен оқытушыларына кәсіпкерлікті оқыту, кәсіпкерлік университетті дамыту және практикалық стартап-жобаларды дамыту бойынша семинар өткізді (нәтижесінде бірқатар қатысушылар – университет студенттері мен оқытушылары шетелдік сертификаттар алды);



Фото. Халықаралық серіктестіктің британдық өкілдерінің ҚОХУ ректорымен кездесуі, проф. Т.Б. Бердімұратов / ортада / (серіктестіктің тьюторлары солдан оңға қарай: А.Р. Идрисова, О. Olanrewaju, D. Twigg, Е.Н. Пилипенко)



Фото. Университет жүйесінде кәсіпкерлік білім беруді дамыту бойынша семинар-тренингтің қатысушыларына ҚОХУ оқытушыларына сертификаттар табыстау

- Оқу жылы ішінде «Creative Spark» жобасы аясында ҚОХУ студенттері университет оқытушылары арасынан шыққан ғылыми жетекшілердің басшылығымен және британдық серіктестердің қамқорлығымен студенттік бизнес-стартаптар әзірледі және университетшілік байқау барысында 2020 жылдың 14 ақпанында студенттердің 10 үздік бизнес-стартаптары қатысуға таңдалды. 2020 жылдың мамыр-маусымда Орталық Азия бойынша Британдық Кеңес ұйымдастырған және өткізген Big Idea Challenge халықаралық байқауға қатысты: □ студенттердің «3D-модельдеу» жобасы Д.Алдашева мен С.Такишева (ғылыми жоба жетекшісі Шлапак Е. Ю.) осы халықаралық байқаудың ең үздік 10 Қазақстандық студенттік бизнес-стартап қатарына енді (конкурс туралы толығырақ - [creativealmaty.kz](http://creativealmaty.kz));



Фото 1.



Фото 2.

Фото 1. ҚОХУ студенттеріне арналған семинар барысында. Фото 2. ҚОХУ-дағы бизнес-стартаптар конкурсы

- □ Оқу жылы ішінде Higher Education Enterprise бағдарламасы аясында бірқатар ҚОХУ студенттері мен оқытушылары 2020 жылдың наурыз-маусым айларында English Club онлайн-курстарына қатысты. Көрсетілген Бағдарлама мен жоба сонымен қатар ТМД елдерінен серіктес жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары арасында ағылшын тілін білу деңгейін көтеруге бағытталған; Курстардың нәтижелері бойынша белсенді және табысты қатысушылар ағылшын тілін білу деңгейіне сәйкестігі BC CS сертификаттарын алды.



- ҚОХУ мен ЛУ арасындағы кәсіпкерліктің негіздерін оқыту саласында екі жылдық ынтымақтастық шеңберінде 2020-2021 оқу жылына студенттік бизнес-стартаптар мен ағылшын тілі курстарын құру жобасы (2021 жылдың маусымына дейін), аналогиялық жұмыс (негізінен онлайн форматта) жоспарланған.